АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2021 жылғы 5 сәуір ҚАУЛЫСЫ

1. *Филология және көптілді білім беру институтының директоры А.В.Таңжарықованың* **«Филология және көптілді білім беру институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалуы туралы»** есебін тыңдай, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Филология және көптілді білім беру институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы қанағаттанарлық деп танылсын. | | |
| 2 | - Шағын жинақты мектептер үшін педагогикалық кадрларды дайындау мақсатында филологиялық пәндер бойынша double major/major-minor қағидаты бойынша бағдарламаларды әзірлеуге Институт профессор-оқытушылар құрамының қатысу жұмысы жалғастырылсын, шағын жинақты мектеп мұғалімдері мен оқушыларына педагогикалық-әдістемелік көмек көрсету бағытындағы жұмыстар (курстар, мастер-кластар, тренингтер, семинарлар, конкурстар, олимпиадалар және т.б.) белсенді жүргізілсін.<br>- Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуге байланысты ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін «Латын графикасы» орталығының жұмыс жоспары нақтыланып, жүйелі түрде іске асырылсын | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а. ***А.В.Таңжарықова,***<br>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н. Жанбеков,***<br>Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры ***А.М.Байдильдина,***<br>*Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | *үнемі* |
| 3 | - Web of Science және Scopus базаларында индекстелген жоғары импакт-факторлы журналдарда институт оқытушы-профессорларының жарияланымдарының саны **20-ға** жеткізілсін.<br>- Көптілді оқытушылар санын арттыру мақсатында IELTS, TOEFL халықаралық сертификаттарына ие болған оқытушылар саны 2021 жылдың аяғына дейін **50-ге** жеткізілсін.<br>- Институт профессор-оқытушылар құрамының халықаралық гранттық жобаларға қатысу жұмысы жолға қойылсын. | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а. ***А.В.Таңжарықова,***<br>Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректоры м.а. ***С.Қ.Сахиев,***<br>*Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | *2021жылдың соңына дейін*<br>*2021жылдың соңына дейін*<br>*үнемі* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **4** | - Институттың автономияға және өзін-өзі басқаруға көшуі, басқару процестерін демократияландыру, ұжымның қызметтің барлық салаларына тартылуын қамтамасыз ету мақсатында Институтты басқарудың **көлденең-циклдық** ұйымдық құрылымын енгізудің жол картасы дайындалып, ұжымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүргізілсін | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а. ***А.В.Таңжарықова,***<br>Әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі проректорының м.а. ***Г.С. Дулатов,*** *Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | *тамыз* |
| **5** | - Ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің арасында шетелдік мамандардың үлесін арттыру үшін шетелдік әріптес жоғары оқу орындарынан қашықтан дәріс оқитын профессорлары санын **10-ға** дейін жеткізу жұмысы жүргізілсін.<br>- Шетелдердегі Абай орталықтарының жұмысын жетілдірудің Жол картасы нақтыланып, іске асырылсын.<br>- Институттың **ребрендингі** саясатына қатысты жұмыстар жалғастырылсын. | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а. ***А.В.Таңжарықова,***<br>Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректорының м.а. ***А.Т.Құлсариева,***<br>*Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | *2021жылдың соңына дейін*<br><br>*маусым* |
| **6** | - Институттың кадрлық сапасын арттыру және **жоғары кәсіби, бәсекеге қабілетті, креативті, зияткерлік ортаны қалыптастыру** мақсатында ғылыми-педагогикалық қызметке үш тілді жетік меңгерген жас ғылым магистрлері мен PhD докторларды, **«Болашақ»** түлектерін тарту жұмысы жүргізілсін.<br>- 2021 жылдың аяғына дейін институттың танымал түлектері туралы мәліметтер базасы жасалып, олармен байланыс жолға қойылсын. | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а ***А.В. Таңжарықова,***<br>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н. Жанбеков,*** Персоналды басқару бөлімі бастығының м.а. ***С.Қ. Махамбетова,***<br>*Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | *2021жылдың тамызына дейін* |
| **7** | - Институт білім алушыларының **Enactus** халықаралық студенттік әлеуметтік кәсіпкерлік жобалар бағдарламасына қатысу жұмысы жалғастырылсын. | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а. ***А.В.Таңжарықова,***<br>*Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті, «SMART STUDENTS» орталығының жетекшісі* ***Нұрман Ермұқан Аманжолұлы,***<br>*Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | *үнемі* |
| **8** | - Университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес QS халықаралық рейтингісі бойынша үздік шетелдік ЖОО орындарымен ынтымақтастықты арттыру жұмыстары ұйымдастырылсын. | Филология және көптілді білім беру институтының директоры м.а. ***А.В.Таңжарықова,***<br>Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректорының м.а. ***А.Т.Құлсариева,***<br>*Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілері* | |

2. *Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор С.Қ.Сахиевтің* «Университеттің халықаралық ғылыми жобаларға қатысуы туралы» есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. С.Қ.Сахиевтің **«Абай ат. ҚазҰПУ-дің екі халықаралық жобаға қатысуы туралы»** баяндамасы мақұлдансын және бекітілсін. | | |
| 2 | **«Нақты деректер негізінде оқытушыларды дайындау және ұйымдастырушылық мәдениет»** халықаралық жобасы шеңберінде:<br>2.1 Жоба жетекшісі, ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. С.К. Сахиевке, жоба үйлестірушісі, постдокторант Б.О.Сапарғалиеваға Сакраментодағы Калифорния штатының университетімен 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық серіктестікті жолға қойылсын.<br>2.2 Жоба қатысушыларына Абай ат. ҚазҰПУ ПОҚ үшін бірлескен ғылыми, білім беру вебинарлары мен семинарларын халықаралық және аймақтық деңгейлерде жүзеге асыру жалғастырылсын.<br>2.3 Жоба нәтижелері бойынша 2021 жылдың қазанына дейін университет қаражаты есебінен монография жариялау тапсырылсын. | | |
| 3 | Еуропалық Erasmus+бағдарламасының **«Қазақстанда дуальды жүйені енгізу» - KAZDUAL»**жобасы аясында:<br>3.1 Жоба жетекшісі, ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. С.Қ. Сахиев, жоба үйлестірушісі Б.О. Сапарғалиева KAZDUAL жобасын іске асырудың Жол картасын,жобаның жұмыс тобы қатысушыларының функционалдық міндеттерін әзірлеп, ректордың бұйрығымен бекіту жүктелсін.<br>3.2 Абай атындағы ҚазҰПУ жұмыс тобы жоба бойынша ҚР-да дуальды жүйені енгізу бойынша білім беру ұйымдарымен (Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен колледжерімен, жұмыс берушілермен) байланысты 2021 жылғы қыркүйекке дейін кеңейттілсін.<br>3.3 Жобаны жүзеге асыру жөніндегі жобаның басшысы, Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. С.Қ. Сахиев жобаның жұмыс тобымен бірлесіп, Абай атындағы ҚазҰПУ-да дуальды | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | білім беру жүйесі бойынша обсерватория құру жөніндегі бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарды жобаның шарттарына сәйкес 2021 жылғы 1 қарашаға дейін әзірлесін.<br>3.4 Жоба жетекшісі, Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. С. Қ. Сахиевке, жоба үйлестірушісі Б.О. Сапарғалиеваға:<br>- Отто фон Герике атындағы Магдебург университетімен (Германия), Инстбург педагогикалық университетімен (Австрия) 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық серіктестікті жолға қою тапсырылсын. | | |

3. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *А.А.Сатмырзаевқа* жүктелсін.

**Ғылыми кеңес төрағасы** **Т. Балықбаев**

**Бас ғалым хатшы** **Ж. Сейсенбаева**